

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
13.10.2021 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 13.10.2021 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «2004 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» ғарыш айлағында «Бәйтерек» ғарыш зымыран кешенін құру туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Батырбекұлы Мусин мырзаға беріледі.

МУСИН Б.Б. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Бүгін сіздердің назарларыңызға «2004 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» ғарыш айлағында «Бәйтерек» ғарыш зымыран кешенін құру туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы ұсынылады.

Аталған хаттамаға 2020 жылғы 31 қазанда Мәскеу қаласында қол қойылды.

Хаттаманың негізгі міндеті «Бәйтерек» жобасының негізгі шарттарын түзету және өзектендіру болып табылады. Бұл ретте хаттама ең алдымен Қазақстан тарапының мүдделеріне жауап береді.

Тұтастай алғанда, хаттама қазақстандық тарап үшін қажет, өйткені бұл бірінші кезекте бірлескен кәсіпорынның Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі алдындағы бюджеттік кредит бойынша қаржылық міндеттемелері мәселесін заңды негізде шешуге мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, хаттамаға Ресей тарапының 2036 жылға дейін «Союз-5» зымыран-тасығыштарын ұшыру кешенін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелері енгізілген.

Бұл жобада Ресей тарапы тасымалдағыш зымыранды құруды қамтамасыз етеді, ал Қазақстан тарапы қолданыстағы «Зенит-М» ғарыштық зымыран кешенінің жерүсті кешенін жаңғыртуды қаржыландыруды мемлекеттік тапсырма арқылы орындауды қамтамасыз етеді.

Заң жобасының күшіне мынадай нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Бірінші. «Бәйтерек» Қазақстан-Ресей бірлескен кәсіпорны» акционерлік қоғамы бюджеттік кредитті оның жарғылық капиталына айырбастау арқылы кредиттік міндеттемелерден босатылады және «Бәйтерек» мемлекетаралық жобасын іске асыруды жалғастыруға мүмкіндік алады. Айырбастау рәсімінің нәтижесінде қазақстандық тараптың бірлескен кәсіпорынға қатысу үлесі шамамен 99 пайызға дейін артады.

Екінші. Хаттама «Бәйтерек» ғарыштық зымыран кешенінен он жыл ішінде Ресей тарапынан кемінде жылына екі ұшырылым қамтамасыз ететін кепілдігін береді. Бұл құрылған кешеннің болашақта мемлекеттік инвестициялардың қайтуына мүмкіндік береді.

Ресей тарапымен осы келісімнің күшіне енуі туралы ішкі мемлекеттік рәсімдер орындалды.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Күлшар Мәлік Иманқұлұлына беріледі.

ҚҰЛШАР М.И. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Бағдат Батырбекұлы! Хаттаманың 3-бабына сәйкес Қазақстан тарапы Қазақстан Республикасының мемлекеттік жобаларын іске асыру шеңберінде 2025 жылдан бастап 2036 жылға дейін «Союз-5» тасымалдағыш зымыранымен ғарыш аппараттарын орбиталарға шығару жөніндегі тапсырыстарды, оның ішінде коммерциялық тапсырыстарды орналастыруды қамтамасыз етеді.

Сонымен бірге коммерциялық сипаттағы көрсетілген тапсырыстардың болуы көбінесе нарық конъюктурасы, ұшыру құны және тағы басқа факторларға байланысты болады деп пайымдаймын.

Мынаны түсіндіріп беріңізші, Қазақстан тарапында алдағы уақытта осындай коммерциялық тапсырыстар бар ма? Және біздің ел аталған ғарыш қызметінен қандай қаржылық нәтиже алуды жоспарлап отыр? Рақмет.

МУСИН Б.Б. Сұрағыңызға рақмет, құрметті депутат мырза.

Коммерциялық тұрғыдан қарасақ, бұл жобаға техникалық-экономикалық негіздеме дайындалған. Сол техникалық-экономикалық негіздемені жалпылама айтып берейін.

Экономикалық тұрғыдан бізге тиімді болу үшін 2036 жылға дейін 41 ұшырылым қажет. Сол 41 ұшырылымның 23 ұшырылымына Ресей тарапы бізге осы хаттама арқылы кепілдік береді. «Euroconsult» ұйымының деректеріне сәйкес тағы нарықта жылына бізге келетін он ұшырылым бар. Сол он ұшырылымның ішінен жылына екі ұшырылымды бізге тапсырыс ретінде алу жолдарын қазір Ресей тарапымен бірге қарастырып жатырмыз. Бұл Ресей тарапымен бірігіп жасалатын жоба болғандықтан, біз Ресейдің коммуникациялары арқылы тағы жылына екі ұшырылым тапсырыс ретінде алатын боламыз. Ол біздің мақсатымыз. Нарықтан жылына екі ұшырылымды

алатын болсақ, ол бізге экономикалық тұрғыдан тиімді болады. Жалпы құнын айта кетсем, ұшырылымның құны 52 мен 62 миллион доллардың аралығында. Қазіргі «Союз-5» зымыранына сәйкес «Falcon 9» америкалық зымыран бар, оның ұшырылым құны 60 миллион доллар. Біз нарықтағы бағамен шығып жатырмыз. 62 миллион доллардың шамамен 10 миллионы Қазақстан тарапына, яғни жерүсті кешенді пайдалану үшін біздің «Бәйтерек» акционерлік қоғамына төленетін ақы. Әр ұшырылымға кететін 62 миллион доллардың 10 миллион доллары бізге төленіп тұрады. 50 пайыздан жоғары ұшырылымдарға Ресей тарапы кепілдік беріп отыр.

ТӨРАҒА. Жақсы, рақмет.

Сөз депутат Унжакова Ирина Сергеевнаға беріледі.

УНЖАКОВА И.С. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

У меня вопрос к вице-министру экологии, геологии и природных ресурсов.

Уважаемый Ахметжан Абдижамитович! Вопросы экологической безопасности, ее обеспечения и предотвращения негативного воздействия на окружающую среду ракетно-космической деятельности всегда для населения Казахстана имели большую актуальность, непреходящее значение. Поэтому депутаты Мажилиса постоянно держат эти вопросы в поле своего внимания.

В этой связи нас интересует, как будет обеспечиваться соблюдение экологических требований при запуске с «Байконура» ракет-носителей «Союз-5»? Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, вице-министр Примкулов.

ПРИМҚҰЛОВ А.Ә. Спасибо, Нурлан Зайруллаевич. Спасибо, уважаемая Ирина Сергеевна.

Обеспечение высокого уровня экологической безопасности – это одна из основных целей данного соглашения. Экологическая безопасность обеспечивается как при создании ракетного комплекса, так и при эксплуатации.

При запуске космических аппаратов с данного ракетного комплекса «Байтерек» предусмотрено использование топлива в виде авиационного керосина и жидкого кислорода. В проекте заключения Государственной экологической экспертизы на данное соглашение указано, что использование гептила либо других опасных видов топлива не предусмотрено. В связи с этим будет обеспечиваться высокая экологическая безопасность данного ракетного комплекса при его эксплуатации.

ТӨРАҒА. Это очень хорошо, что уходим от гептила и вы это закладываете как требование в таких соглашениях. А если дальше об экологической безопасности, жизнь есть жизнь, тем более подъем ракет – это всегда опасная процедура. У нас были на практике падения. В этом случае предусматриваются ли соглашением какие-то страховочные варианты по выплате компенсаций для населения, особенно там, где либо ушли ступени, либо, не дай Бог, произошло само падение?

ПІРІМҚҰЛОВ А.Ә. В рамках данного соглашения есть отдельные пункты, что стороны несут ответственность за все действия, которые предусматриваются при эксплуатации данного ракетного комплекса, и запуски, которые производятся.

ТӨРАҒА. Бағдат Батырбекович, очень важно, чтобы редакция этих пунктов была построена таким образом, чтобы завтра в судах можно было добиться какого-то решения по компенсации. Практика была такова, что, к сожалению, на территории Карагандинской и Костанайской областей (в районе Аркалыка) и гептил разливался. Мы не могли через судебные процедуры, потому что редакция была, образно говоря или впрямую говоря, не в нашу пользу. Понимаете, о чем речь?

МУСИН Б.Б. Есть.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, посмотрите, это очень важный вопрос. Рақмет.

Сөз депутат Нұркина Айгүл Қабдешқызына беріледі.

НҰРКИНА А.Қ. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Бағдат Батырбекович! В соответствии со статьей 3 протокола российская сторона обеспечивает размещение заказов по выведению космических аппаратов на орбиты ракетой-носителем «Союз-5» не менее двух пусков в год с 2025 года по 2036 год. Таким образом, российская сторона будет обеспечивать размещаемые ею заказы как минимум двумя ракетами-носителями. При этом казахстанская сторона также будет обеспечивать размещение заказов по выведению космических аппаратов на орбиты ракетой-носителем «Союз-5» с 2025 года по 2036 годы в рамках реализации государственных проектов в нашей республике, но в этой части, именно в статье 3 протокола, не указано количество пусков. Другими словами, нет гарантии обеспечения ракетам-носителям пусков по заказам казахстанской стороны.

Поэтому поясните, пожалуйста, почему в протоколе нет закрепления обеспечения ракетам-носителям государственных проектов Республики Казахстан? Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста.

МУСИН Б.Б. Спасибо за вопрос.

Российская сторона в соответствии со статьей 3 берет на себя обязательства по двум заказам в год. То есть два заказа – это примерно 120 миллионов долларов. То есть мы обязательства казахстанской стороны не вставляли осознанно. Почему? Потому что у наших космических программ нет необходимости по два или по одному запуску в год. Если взять на десять лет вперед, то нам максимум двух запусков точно хватит. То есть мы себе возможность предусмотрели, что этот комплекс обязан выводить на околоземную орбиту наши космические аппараты, которые предусматриваются нашими госпроектами, а это – спутники дистанционного зондирования Земли и спутники связи, которые предполагаются к реализации в последующие шесть лет. Мы их будем выводить через этот комплекс, но обязательства на себя осознанно не хотели брать, потому что это статья в бюджете, которая также требует закрепления.

Поэтому изготавливаемые спутники, которые планируется изготовить, содержат в себе необходимую плату за пусковые услуги, которые будут оплачены «Байтереку». В случае изготовления космических аппаратов вовремя они будут оплачены для того, чтобы их использовал ракета-носитель «Союз-5».

Статья 3 для казахстанской стороны является очень важной, потому что этот проект очень большой для бюджета (90 миллиардов тенге) и мы хотели как можно больше гарантий для себя прописать, что они будут использовать этот комплекс. С нашей стороны, в принципе, один-два пуска всегда готовы и это прописано, в принципе, в том пункте, про который Вы сказали. Гарантий мы, казахстанская сторона, осознанно не хотели прописывать.

ТӨРАҒА. Я так понимаю, что по количеству пусков вопросов нет. Два гарантированных пуска предыдущей статьей даются Казахстану, Вы в докладе об этом хорошо сказали. Это все понятно. Но нет гарантии обеспечения ракет-носителей, я так понимаю. Конечно, здесь можно сделать такой вывод, что без ракеты-носителя и пуска не будет, но тогда почему в российской части это гарантировано, а по ракетам-носителям по заказам казахстанской стороны не гарантировано? Вот в чем вопрос.

МУСИН Б.Б. Нурлан Зайруллаевич, если разрешите, попытаюсь разъяснить. Смотрите, в соответствии с той статьей, о которой госпожа депутат сказала, казахстанская сторона будет использовать. То есть уже написано. Поэтому в рамках этого соглашения и в рамках реализации своих госпроектов мы будем использовать, просто количество не прописывали. То есть мы прописали, грубо говоря, обязательства, что «Союз-5» и «Байтерек» будут использованы для запуска госпроектов Республики Казахстан. Мы количество пусков просто не прописывали.

ТӨРАҒА. Почему?

МУСИН Б.Б. Потому что они настаивали на том, чтобы прописать жесткие условия, например, пять пусков за это время... В смысле один пуск гарантированно прописать для Казахстана. Они говорят: но это же ничего не стоит, вы можете спокойно прийти и пользоваться.

ТӨРАҒА. Онда ар жағын да ашық айту керек, что мы можем быть не готовы к таким пускам. Так, да?

МУСИН Б.Б. Да.

ТӨРАҒА. Ну вот! То есть даже если нам дадут, Айгуль Кабдешевна, три, четыре, пять пусков, программа должна быть готова под пуск либо спутник. Так, да?

МУСИН Б.Б. Да.

ТӨРАҒА. Либо еще что-нибудь. Солай ғой?

МУСИН Б.Б. Да, правильно.

ТӨРАҒА. Вот в чем вопрос. Понятно. Поэтому нам было невыгодно прописывать, но, в принципе, эта потенциальная возможность у нас есть.

МУСИН Б.Б. Да, есть.

ТӨРАҒА. Хорошо. Наверное, Вы правы, надо было бы прописать для того, чтобы и стимул для вас был в работе, а так Вы сидите, вроде бы отчитываетесь, говорите: хороший мы сделали протокол, для себя резерв сделали, а внутри этого содержательную работу теперь наполнять нужно. Ол үшін жұмыс істеуіміз керек, и ученые, и все. Солай ғой?

МУСИН Б.Б. Есть.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Смағұл Бақытбек Смағұлұлына беріледі.

СМАҒҰЛ Б. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Бағдат Батырбекұлы! Хаттаманың 2-бабында «Роскосмостың» «Бәйтерек» ғарыш зымыран кешенін құру үшін «Байқоңыр» кешенінің объектілерінде орналасқан қажетті мүлікті Қазақстан тарапына беруі көзделген.

Белгілі болғандай, осы норманы іске асыру үшін оның техникалық жай-күйін, активтердің құнын, тағы басқа да зерделеуді қамтитын белгілі бір жұмыстар жүргізілу керек. Осы жұмыстар жүргізіліп жатыр ма? Және хаттамаға сәйкес біздің ел алатын осындай мүліктің тізбесі айқындалған ба? Осыны түсіндіріп өтсеңіз. Рақмет.

МУСИН Б.Б. Сұрағыңызға рақмет, құрметті депутат мырза.

Қарастырылып отырған хаттамаға сәйкес осы кешенді дайындау үшін олар бізге 1 мың 141 объектінің тізбесін ұсынды. Сол тізбеден нені талап етеміз, бізге не қажет, соны біз ала аламыз. Бірақ ол тізбеден қажетті нәрсені алу үшін біз осы жобаның аясында зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Рекогносцировка жұмысы жүргізілді. Эскиздік жоба дайындалды. Енді біз сол эскиздік жобамен бізге қажет, қажет емес мүліктер бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатырмыз және ол мәселелер талқыланатын болады.

2018 жылдан бастап «Зенит-М» ғарыш кешенімен бірге бізге 243 объект және 70-ке жуық технологиялық жүйе берілді. Тағы не қажет екенін біз қазір айқындап жатырмыз, жұмыстар жүргізіліп жатыр.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Сөз депутат Жамалов Аманжан Мәкәрімұлына беріледі.

ЖАМАЛОВ А.М. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым Қаржы министрлігінің өкіліне.

Протоколом предусмотрена конвертация, то есть перевод в уставной капитал совместного предприятия «СП «Байтерек» бюджетного кредита, полученного в 2005 году, в размере 223 миллиона долларов США. Как мне известно, в действующем бюджетном законодательстве такая процедура не предусмотрена.

Поясните, пожалуйста, каковы правовые основания конвертации, то есть перевода бюджетного кредита в уставной капитал совместного предприятия «СП «Байтерек»?

ТӨРАҒА. Пожалуйста, вице-министр Жаналинов.

ЖАНАЛИНОВ Д.Е. Спасибо, Аманжан Макаринович.

По данному вопросу мы предусматриваем соответствующие поправки и нормативные правовые акты. В принципе, вопрос решаемый и вносился на

РБК не один раз. То есть эта сумма определялась 31 августа прошлого года. «Тело» кредита составляет на сегодняшний день 13 миллиардов тенге. Она будет своевременно погашена, то есть переведена из разряда долга в уставной капитал. В связи с чем мы, как государство, получаем долю в уставном капитале данного совместного предприятия, которая увеличится до 99 процентов. Законодательно это будет соответствующими поправками внесено.

ТӨРАҒА. Нет. Вопрос был другой. Никто не говорит о том, на какой процент увеличивается доля. Сомнений нет, когда наша доля увеличивается. Речь идет о правовых основаниях конвертации. Бюджетное законодательство предусматривает законодательно такую процедуру или нет?

ЖАНАЛИНОВ Д.Е. Да, такие факты у нас есть.

ТӨРАҒА. Факты есть. Вы сейчас сказали, что вы решением МВК делаете, но решение МВК не может быть выше закона.

ЖАНАЛИНОВ Д.Е. Мы имеем право по Бюджетному кодексу.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, сошлитесь на нормы Бюджетного кодекса. Насколько я понимаю, Аманжан Макаримович, вопрос был именно по процедуре соответствия законодательству, соответствия Бюджетному кодексу?

ЖАМАЛОВ А.М. Такая прямая конвертация в кодексе не предусмотрена. То есть то, что Вы сейчас говорите, – это договор переуступки доли и так далее. Это юридические вопросы. Но вы пишете о том, что вы готовы делать процедуру конвертации, именно прописываете, а она не предусмотрена. А то, что вы практически собираетесь делать переуступку доли и так далее, – это юридические вещи, которые, наверное, в этом поле возможно делать.

ЖАНАЛИНОВ Д.Е. Мы соответствующим нормативным правовым актом, постановлением...

ТӨРАҒА. Нет, еще раз говорю Вам. Нормативный правовой акт не может быть выше закона. Сейчас идет вопрос по соответствию с действующим Бюджетным кодексом, законодательством. Эта процедура предусмотрена в соответствии с Бюджетным кодексом? Вы говорите, что да. Я Вас прошу тогда, сошлитесь на эти нормы.

ЖАНАЛИНОВ Д.Е. Мы соответствующие поправки будем готовить для внесения в Бюджетный кодекс и приводить в соответствие.

ТӨРАҒА. Қашан?

ЖАНАЛИНОВ Д.Е. Сейчас идет новая концепция Бюджетного кодекса. Также сегодня рассматриваются изменения в Бюджетном кодексе на этот год.

ТӨРАҒА. Пожалуйста.

МУСИН Б.Б. Поправки до настоящего времени пока не внесены, но рассматривается законопроект о совершенствовании бюджетного законодательства. Второе чтение планируется в конце этого месяца.

ТӨРАҒА. Марат Апсеметович, если эти поправки не будут внесены, тогда сегодняшняя ратификация как может пройти в той части, которая обеспечивает практически перевод бюджетного кредита в уставной капитал

совместного предприятия? Вы эту норму представили? Сейчас руководитель рабочей группы говорит, что еще нет.

ЖАНАЛИНОВ Д.Е. Мы представим, будет внесено соответствующее изменение.

ТӨРАҒА. А зачем вы бежите вслед ратификации? Надо было все сделать вначале.

ЖАНАЛИНОВ Д.Е. Мы учтем это. Сейчас проводим соответствующую работу...

ТӨРАҒА. По-моему, до конца этого месяца, да?

ҚҰСАЙЫНОВ М.Ә. На 27 октября.

ТӨРАҒА. 27 октября стоит второе чтение уже. Солай емес пе? Марат Апсеметович, 27 октября, да?

ЖАНАЛИНОВ Д.Е. Иә, 27-сі.

ТӨРАҒА. Успевайте. Я хочу Вас попросить, Марат Апсеметович, эту редакцию посмотрите, пожалуйста. Она должна, действительно, лежать в правовом поле. Решения межведомственной комиссии, Республиканской бюджетной комиссии, межправительственных комиссий и ваших подзаконных актов не могут быть выше закона. Договорились, Данияр Еренгалиевич?

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, тағы сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Бағдат Батырбекұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді, құрметті әріптестер, қосымша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі депутат Дементьева Наталья Григорьевнаға беріледі.

ДЕМЕНТЬЕВА Н.Г. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! 2004 жылғы 9 қаңтарда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев және Ресей Федерациясының Президенті Владимир Владимирович Путин Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы «Байқоңыр» кешенін тиімді пайдалану жөніндегі ынтымақтастықты дамыту туралы келісімге қол қойды. Бұл ретте мемлекетаралық келісімшарттарының бірі «Байқоңыр» ғарыш айлағында ресейлік ғарыш зымыран кешенінің базасында экологиялық қауіпсіздік деңгейі жоғары «Бәйтерек» ғарыш зымыран кешенін бірлесіп әзірлеу және құру болып табылады.

Қаралып отырған хаттамаға сәйкес «Бәйтерек» Қазақстан-Ресей бірлескен кәсіпорны бюджеттік кредитті оның жарғылық капиталына конвертациялау арқылы кредиттік міндеттемелерден босатылады және өз қызметін одан әрі жүзеге асыруға мүмкіндік алады. Конвертациялау рәсімі нәтижесінде Қазақстан тарапының бірлескен кәсіпорынға қатысу үлесі артады.

Хаттама «Бәйтерек» кешенін «Союз-5» тасымалдағыш зымыранын ұшырумен жүктеу кепілдігін қамтамасыз етеді, бұл кешеннің ұзақ уақыт кезеңінде жұмыс істеуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Заң жобасы жұмыс тобы мен комитет отырыстарында жан-жақты қаралды. Парламент Мәжілісінің барлық комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Заң жобасын мақұлдап, оны Парламент Сенатының қарауына жіберуді ұсынамын.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет, Наталья Григорьевна.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Ерман Мұхтар Тілдәбекұлына беріледі.

ЕРМАН М.Т. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ғарышты игеру біздің халқымыздың және экономикамыздың мүдделеріне қызмет ететінін атап өткен болатын.

Осыған байланысты Қазақстан мен Ресейдің «Байқоңыр» ғарыш айлағында «Бәйтерек» ғарыш зымыран кешенін құру бөлігіндегі ынтымақтастығы еліміздің ғарыш саласын дамытудың негізгі элементі болып табылады.

Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еліміздің ғарыш саласының қалыптасуы мен тұрақты дамуына қосқан үлесін ерекше атап өткім келеді. Ағымдағы жылы «Бәйтерек» ғарыш зымыран кешенін «Назарбаев старты» деп қайта атау туралы шешім қабылданғаны да кездейсоқ емес.

«Бәйтерек» кешені «Байқоңыр» ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын шығару үшін ұйымдастыру-техникалық құрылымды құру бойынша Қазақстан мен Ресейдің бірлескен ірі ауқымды жоба болып табылады. Осы жобаны құру және іске асыру Қазақстан Республикасының ғарыш мемлекеттерінің клубына кіруі жөніндегі үлкен қадам болып табылады.

Баяндалғанды негізге ала отырып, осы заң жобасын қолдау және оны Сенатқа жіберу туралы ұсыныс енгіземін.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Мұхтар Тілдәбекұлы.

Басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдау. Басқа ұсыныстарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 97, «жақтағандар» – 96, «калыс қалғандар» – 1. Қаулы қабылданды.



Дурыс: Құжаттамашы қамтамасыз ету бөлімінің сектор меңгерушісі Майя Н. Майындаған.